

## Павлодар облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2015 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 302/37 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 желтоқсанда № 4232 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 487-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі «Су кодексінің» 38-бабы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2009 жылғы 14 сәуірдегі «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» № 223 бұйрығына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2015 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	А. Оспанова
Облыстық мәслихаттың хатшысы	В. Берковский
	Облыстық мәслихаттың (V сайланған (XXXVII сессиясы) 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 302/37 шешімімен бекітілген

## Павлодар облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2015 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Ө л ш е м бірлігі	Мөлшерлемелер
			теңге
1	2	3	4

1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	92,07
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда (өндірістік қажеттіліктер)	1000 текше метр	529,06
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	149,06
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	149,06
5	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	тонна	374,14
6	Су көліктері	1000 тонна шақырым	20,46

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК